

"Мобил Ойл" ұлтаралық корпорациясымен келіссөздер туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 1 сәуірдегі N 146

Экономиканың мұнай-газ саласында құрылымдық жаңғыртулар жүргізу және шетел инвестицияларын тарту мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне, Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігіне, Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігіне Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласын дамытудың корпорацияның қатысу дәрежесін айқындау үшін "Мобил Ойл" ұлтаралық корпорациясымен қорытынды келіссөздер жүргізу тапсырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, "Меркейтор" фирмасы "Мобил Ойл" корпорациясымен келіссөздерде сарапшы ретінде қатысу үшін бейтарап елдерден ірі халықаралық банкті тарту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс берсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі келіссөздер аяқталған соң халықаралық сарапшы тарабының жобаға баға беруімен, Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласын дамытуға "Мобил Ойл" корпорациясының қатысуы жөнінде Үкіметке ұсыныс енгізсін.

Премьер-Министр